

ПРОТОКОЛ

жеке кеңес беру

№ 10 /2022-2023

Білім беру ұйымы: ЖШС «Бопай» балабақшасы"

Уақыты: 26.04.2023

Кеңес беруші: Сағиджанова Г.С.

Кеңес алушы(лар): • «Жұлдыз» тобының ата-аналары

Кеңес қорытындысы

Ата-аналар жиналысының хаттамасы

Қатысқан ата-аналар: 17

Күн тәртібінде: «Қауіпсіз орта – бала өмірінің кепілі»

Тыңдалды:

І. Жиналыста балабақша басшысы Жумашева Б.А. сөз бастады. Құрметті ата-аналар қазіргі таңда баланың қауіпсіздігін ұйымдастыру отбасымен тәрбие орындарының басты тақырыбының бірі. Ересектердің алдында баланың өмір қауіпсіздігіне деген жауапкершілік міндеті тұр. Балаларды қауып қатерден қорғап қана қоймай, қауіпті жағдайлар туындағанда өзін қолға ала білуге үйретіп одан шыға білуге жол тануға дайындау қажет. Мектепке дейінгі балалар адал, сенгіш, айнала қоршаған ортаға деген қызығушылығы басым болып келеді. Сондықтан балаларды өмірде кездесетін қауіп қатерден сақтап, қорғау, қауіпсіздіктің алдын алу үшін отбасы мен балабақшада ынтымақтастықпен жұмыс жасауымыз керек.

Екінші сөз кезегін психолог Сағиджанова Г.С. алды. Ол ата-аналарға балаларына «болмайды» деген 6 (алты) ұғымды үйретуін сұрады.

1. Бөгде адамға есік ашуға болмайды.
2. Қаншалықты қызық нәрселер ұсынып, мәжбүрлесе де, таныс емес адаммен ешқайда барма.
3. Таныс емес және аз танытын адаммен сөйлеспе және ешқандай сыйлық қабылдама.
4. Бөгде адамның көлігіне отыруға болмайды.
5. Қараңғылық түскен кезде көшеде ойнауға болмайды.
6. Подъездте және лифтіге таныс емес адамдармен бірге кіруге болмайды.

3. Кез-келген қылмыс жасалғанда, сақтықта-қорлық жоқ, дегендей, айкай салу (бұл менің анам емес, немесе бұл менің әкем емес т.с.с) дауыс шығаруға алдын-ала хабардар етіп отыруларын сұрады, немесе басқа да жағдайлар болған уақытта ішкі істер орнына хабардар етілуі тиістігін ескерте отырып, видеороликтер арқылы бірнеше балалардың алаяқтардың қолына «сыйлық беремін» деген сөздің кесірінен түсіп қалғандарын дәлірек көрсеттіл мысалдар айтты.

Балалармен әңгімелесу кезінде теледидардан мультфильмдерде батырлары біреуді ұрып немесе басқа да балаларға арналған бағдарламаларда зәбірленіп қалған бала туралы ата-аналар көргендерін айтып, түсіндіріп, талқылауға болады. Балаларыңыздың біреуді ұруға болмайтынын және балалар қорғануға құқы бар екенін үнемі ескерту бұл бірінші сабақ болып саналатынын ескерте кетті.

Сонымен қатар, зорлық-зомбылықты балаларға бір есебін тауып, «Зорлау», «Сексуалдық зорлау» сөзінің орнына «Қауіпті және қауіпсіз жанасу» сөздерімен нақты түсіндіру керектігінде айта отырып тренинг жүргізді.

Кез-келген қылмыс жасалғанда (құқық бұзушылық) мүмкіндігінше ішкі істер орнына хабардар етілуі тиістігі мен стационарлық телефоннан «102» нөмірін теріп, полиция қызметкерлерін шақыру керек, ұялы телефоннан - «112» (қоңырауын тегін) шалып, қызмет операторы «112» полиция желісіне де хабарласуға болатынын жадында ұстауларын өтінді.

Үшінші сөз кезегін медбике Досбосинова А.С. Зорлық-зомбылық көрген бала бойына үрей, қорқыныш бейлейт балалардың денелік және психологиялық денсаулықтары және жан-жақты дамулары үшін ауыр соққы болып табылатынын айтты. Ол балаларға қауіп төнген кезде өзін-өзі қалай ұстағанда дұрыс болады, сол үшін алдын - ала оның ұят еместігін түсіндіре отырып, тәрбиелеу керектігін айтты. Отбасында жылу мен мейірім және түсініспеушілік

жетіспейтін балалар жиі қайғыға ұшырайды. Сондықтан да балаға қауіпті жерде жүріп, сақтансан-сак боларсын, дегендей жылы сеніммен жақсы қарым-қатынас құрыңыз деген ойын білдірді.

Қорытынды: Ата-аналарға балаларына «болмайды» деген 6 (алты) ұғымды үйрету керектілігі айтылды және видео роліктер арқылы көрсетілді. Кез-келген қылмыс жасалғанда (құқық бұзушылық) мүмкіндігінше ішкі істер орнына хабардар етілуі тиістігі мен стационарлық телефоннан «102» нөмірін теріп, полиция қызметкерлерін шақыру керек, ұялы телефоннан - «112» (қонырауын тегін) шалып, қызмет операторы «112» полиция желісіне де хабарласуға болатынын жадында ұстаулары ескертілді және жадынамалар таратылды.

Ұсыныс :

1. Балалар назардан тыс қалдырылмасын.
2. Балаларға «жоқ», «болмайды» секілді 6 ұғым үйретілсін.
3. Балалар қауіпсіздігін сақтау отбасы мен балабақша ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылсын.